

2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 66 Қаулысы . Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 10 мамырда № 11-4-133 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Халықты жұмыспен қамту туралы” Заңының 7 бабының 5 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген “Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережесіне”, “Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі, қоғамдық жұмыс түрлері, көлемі, қатысушылардың еңбекақы мөлшері мен оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Уәкілетті орган «Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Т.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Қаулы Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә.Дауылбаев

КЕЛІСІЛДІ:

«Қарақия аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі
Ә . Ә б д і х а л ы қ о в а

12 сәуір 2012 жыл

«Қарақия аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі
Қ . Е . Р ы с б а е в

12 сәуір 2012 жыл

Қаракия
2012
№
ҚОСЫМША

ауданының
жылғы
66

12

әкімдігінің
сәуір
қаулысына

2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тізбесі, қоғамдық жұмыс түрлері қатысушылардың еңбекақы мөлшері мен оларды қаржыландыру көздері

№	Кәсіп- орын- дар, ұйым- дар, мекеме- лер атаула- ры	жолда-на-тын жұ- мыссыздар са-ны	Б і р адам-ға төле-нетін еңбекақы мөлшері теңге (ең төменгі еңбекақы- ның 1,0 мөлшерін- де)	Қоғамдық жұмыс түрлері	Жұмыс мерзімі	Қаржыландыру көздері
1	Құрық селосы әкімі- нің аппараты мемлекет-тік мекемесі	35	17439	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
2	Жетібай кентінің әкім аппараты мемлекет-тік мекемесі	40	17439	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
3	Мұнайшы кентінің әкім аппараты мемле- кеттік мекемесі	30	17439	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
4	Сенек селолық округі әкімінің аппараты мемлекет-тік мекемесі	15	17439	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
5	Бостан селолық округі әкімінің	15	17439	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00	Жергілікті бюджет

	аппараты мемлекет-тік мекемесі			қағаздарын таратушы, хат тасушы.	ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	
6	Құланды селолық округі әкімінің аппараты мемлекет-тік мекемесі	15	17439	Маманның көмекшісі, ескертпе таратушы агенттер, әскер қатарына шақыру қағаздарын таратушы, хат тасушы.	3 айдан 6 айға дейін Сағ 9.00 ден 18.00-ге дейін 5 жұмыс күні	Жергілікті бюджет
	Барлығы:	150				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК